

Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйымның қазіргі Төрағасы, Португалия Республикасының Сыртқы істер министрі Антонью Мартинш да Круштың Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі. 2002 жылғы 29 қазан N 167-ө

Қазақстан Республикасы мен Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйым (бұдан әрі - ЕҚЫҰ) арасындағы ынтымақтастықты нығайту және 2002 жылғы 29-30 қазандағы Астана қаласында Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйымның қазіргі Төрағасы, Португалия Республикасының Сыртқы істер министрі Антонью Мартинш да Круштың Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі:
2002 жылғы 29-30 қазан кезеңінде Астана қаласында Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйымның қазіргі Төрағасы, Португалия Республикасының Сыртқы істер министрі Антонью Мартинш да Круштың Қазақстан Республикасына ресми сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

2002 жылға арналған республикалық бюджетте "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен ресми сапарды өткізу шығыстарын қаржыландыруды жүзеге асырсын.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы қызмет көрсету (келісім бойынша) қосымшаға сәйкес ЕҚЫҰ делегациясының мүшелерін орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша) ЕҚЫҰ ресми делегациясы мүшелерінің әуежайдағы, тұратын және болатын орындардағы қауіпсіздігін, сондай-ақ жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі б е л г і л е н г е н т ә р т і п п е н :

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, ЕҚЫҰ қазіргі Төрағасының арнайы ұшағының Қазақстан Республикасының аумағы үстінен ұшып

өтуін, Астана қаласының әуежайында қонуы мен ұшып шығуын;
Астана қаласының әуежайында арнайы ұшаққа техникалық қызмет көрсетуді, оның тұрағын және жанар май құйылуын қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі бұқаралық ақпарат құралдарында сапардың жария етілуін қамтамасыз етсін.

6. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 0 2 ж ы л ғ ы 2 9 қ а з а н д а ғ ы

№ 167 өкіміне қосымша

ЕҚЫҰ-ның ресми делегациясы мүшелерін орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шаралары

1. Астана қаласында "Окан Интерконтиненталь-Астана" қонақ үйінде ЕҚЫҰ ресми делегациясының мүшелерін (1+5) және бірге жүретін адамдарды орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету.

2. "Окан-Интерконтиненталь-Астана" қонақ үйінде Қазақстан Республикасының Президенті Күзет қызметінің қызметкерлерін орналастыру.

3. Баспа өнімдерін дайындау (бейдждер, автомобильдерге арналған арнайы рұқсаттар, кюверткалар).

4. ЕҚЫҰ делегациясы үшін белгіленген тәртіппен кәдесыйлар мен сыйлықтар сатып алу.

5. Астана қаласының әуежайында ЕҚЫҰ ресми делегациясын күтіп алу мен шығарып салу рәсімдерін техникалық безендіру (VIP-залы, жалаулар, шай үстелі).

6. ЕҚЫҰ-ның қазіргі Төрағасы - Португалия Республикасының Сыртқы істер министрінің Қазақстан Республикасы Президентінің Резиденциясында күтіп алуды ұйымдастыру.

7. Қазақстан Республикасы Президентінің Резиденциясында баспасөз конференциясын ұйымдастыру.

8. ЕҚЫҰ-ның қазіргі Төрағасы - Португалия Республикасының Сыртқы істер министрінің Қазақстан Республикасы Парламентінің басшылығымен (Парламент ғимараты) және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы - Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрімен (ҚР Сыртқы істер министрлігінің ғимараты) кездесуін ұйымдастыру.

9. ЕҚЫҰ-ның қазіргі Төрағасы - Португалия Республикасының Сыртқы істер министрінің құрметіне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы - Қазақстан

Республикасының Сыртқы істер министрі атынан ресми қонақасы ұйымдастыру.

10. ЕҚЫҰ ресми делегациясының мүшелері мен бірге жүретін адамдарға медициналық қызмет көрсету.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ